

13-апта
Дәріс №25-26
Әдебиеттер іздеу

1. Іздеу параметрлерін анықтау
2. Кілт сөздерді анықтау, нақтылау және топтастыру

1. . Зерттеушілер сандық па (электронды) әлде баспа ма?/Digital or print? деп сұрақ қояды. Зерттеулерде кітапханалар мен кітапханашылардың маңыздылығына баса назар аудартады, себебі Wi-Fi кең таралғанына қарамастан, біз әлі де кітапханалар ұсынатын нәрсені және кітапханашылардың сараптамасын қажет етеміз. Сонымен қатар бізге кітаптар мен олардың қатты көшірмелері керек. Егер де сіз бір кітапты қағаз вариантынан оқып отырсаңыз, қандай артықшылықтары бар, айтыңыз. Слайд Жақын болашақта кітапханаларда цифрлық және баспа түрлері бірге өмір сүреді және зерттеушілер екеуін де пайдаланады. «Академиктер сандық және баспа материалдарының гибриді әлемінде біраз уақыт өмір сүретін болады, тіпті басып шығару айтарлықтай ығыстырылған болса да, қол жетімділіктің (жергілікті немесе қашықтықтан) қажеттілігі өте маңызды болады» (Джудит Белл. Ғылыми жобаңызды жасау: білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік ғылымдарды алғаш зерттеушілерге арналған нұсқаулық. 2014, 97-б.) слайд.

Кітапханалар, кітапханашылар және кітаптар/Libraries, librarians – and books. (слайд) Ұлыбританияның JISC және RLUK жүргізген сауалнамасында Брюс және Мертенс (2013) академиктер зерттеулерін қалай жүргізетінін сипаттайды. Олар зерттеушілердің басым бөлігі ең бірінші іздеу жүйесін пайдаланатынын және академиктер онлайнға қарағанда кітапханаларда өте аз уақыт өткізетінін анықтаған. Сауалнама қорытындысында «Кітапхананың рөлі мазмұнға басты қақпа болудан мазмұнның «сатып алушысы» және «иесі» болуға ауысты»//«the role of the library has shifted from being the primary gateway to content to being a “buyer” and “owner” of content». Кітапханалар өздерінің контенттерінің онлайнда «ашықтығынын/discoverable» маңыздылығын мойындаған.

Көптеген университеттердің өте жақсы жабдықталған кітапханалары бар, олар жұмыс орындары (workstation) бар, жылдам Wi-Fi байланысы және кафесі бар үйрену орталықтарына көбірек ұқсайды (көрсету Кингс кітапханасын). Слайд *Внутри библиотеки есть двенадцатигранный читальный зал, вдохновленный Британским музеем, и бывшая средневековая часовня, а теперь выставочное пространство, демонстрирующее особые коллекции библиотеки. Библиотека была названа в честь выпускника университета сэра Дерика Моэна.*

Зерттеушілер кейбір кітапханалардың іздеу жүйесі, білім алу/үйрену стильдері және онлайн дереккөздердің сапасын қалай білу керектігі жайлы курстармен және семинарлармен қамтамасыз ететінін айтады. Егер сіз біраз уақыттан бері кітапханада болмасаңыз, барыңыз. Сіз қарамай жүргенде сіздің кітапханаңыз қайта жаңарған шығар.

Іздеу стратегиясын дамыту! Сіз алғашқы зерттеуші (first-time researcher) ретінде іздеу стратегиясын және іздеу дағдыларын қалыптастыруыңыз керек. Сонда сіз өз тақырыбыңызға қатысты нәрселерді дәл табасыз да, қатысты емес миллиондаған деректерді ысырып тастайсыз.

Алдымен жетекшіңіздің, университет кітапханасының, кафедраның әдебиеттерді іздеуге қатысты көмегіне сүйеніңіз. Көптеген кітапханалар әдебиеттерді іздеуге қатысты курстар береді. Кітапханаларда жиі «Қалай іздеу керек?»/‘How to search?’ немесе «Оңай іздеу нұсқаулықтары» ‘Easy Searching Guides’ сияқты нұсқаулықтар бар, бұл сіздің университетіңіз жазып алатын кейбір іздеу құралдары мен дерекқорлардың талаптарымен сізді таныстырады (ЕҰУ-да бар ма?).

Әдебиеттерді іздеудің арнайы техникалары мен ноу-хауы бар, бірақ іздеуді бастау туралы ойланбастан бұрын, сізге біраз жұмыс жасау керек. Сіздердің көпшілігіңіз үшін Интернет бастапқы, тіпті кейде жалғыз іздеу құралыңыз болуы мүмкін. Алайда іздеудің онлайн немесе офлайн режимінде де әдебиеттерді іздестірудің негізгі қағидалары бірдей -

дәлірек айтсақ, зерттеу жұмысыңыздың параметрлерін анықтап, маңызды дереккөздерді анықтауға мүмкіндік беретін кілт сөздерді анықтау (defining) және соған бағдарлану (focusing), және мүмкіндігінше зерттеу тақырыбыңызға қатысы жоқ дереккөздерді шығарып тастап отыру (eliminate).

Өз іздеуіңіздің параметрлерін (іздеу шектеулерін) және кілт сөздерді анықтау/Defining the parameters of your search (search limiters) and keywords

Өзіңізге мынадай сұрақтар қойыңыз:

1) Сізді қай тілдегі материалдар қызықтырады: тек қазақ тілінде ме, әлде орыс және ағылшын тілдерінде де ме? Ағылшын тілінде дейтіңіз болсаңыз, оған да абай болыңыз дейді зерттеушілер, себебі егер сіз ағылшын дегенді нақтыламасаңыз, американдық қаншама миллиондаған онлайн зерттеулер табылуы мүмкін. Ағылшын дегенде Ұлыбританияның ба, әлде әлем бойынша ағылшын тіліндегі деректер керек пе? Егер сіз іздеуде осылай кеңінен сұрасаңыз, сіз тапқан материалдардың саны шамадан тыс болуы мүмкін.

2) Сізге қай кезеңнің материалдары керек?: 1920 жылға дейін не 1920 жылдан бүгінгі күнге дейін? Белл кеңесі: «аздан бастаңыз». Оның ойынша, сіздің 100 сағаттық оқуға шексіз берілген уақытыңыз жоқ, сондықтан аздан бастаңыз. Шектеу керек, іздеуге соңғы бес не он жылды алыңыз, егер де жетекшіңіз қажет болған жағдайда белгілі бір кезеңді не нақты әдебиетті көрсетіп жатса, онда іздеуіңізді кеңейтуге болады. Дегенмен, барлық жетекшілер бес не он жылдық іздеу шектеуіне келісе бермейді екен. Белл айтады өзінің кітабының «Әдебиеттерді іздеу» тарауының қолжазбасын оқыған екі тәжірибелі ғылыми жетекшілер «шағын ғылыми жобаның өзінде зерттеушілерден әдебиеттің едәуір кең көлемін күтетіндігін» айтқан. Олар егер зерттеушілер ертеректе жүргізілген сапалық зерттеулерді және «стандартты оқулықтар» деп сипаттаған нәрселерді елемейтін болса, онда олар белгілі бір уақыт аралығында өздерінің тақырыптары аясында білімнің дамуының балансты деңгейін көрсете алмайтындықтарына назар аударады. «Мұнымен де келісуге болады» (Белл). PhD сияқты үлкен зерттеулерде зерттеушілерден әдебиеттерге толықтай шолу жасау, 10-нан 100-ге дейін сапалық зерттеу нәтижелеріне сүйену, тарихи зерттеулерде 1000 жыл және одан да көп уақыттағы зерттеулерді қарау керектігі талап етіледі (Белл). Алайда 100 сағаттық зерттеушінің уақыты іздеуге өте шектеулі болады, сондықтан жетекшіңнен әдебиеттерді іздеу мен шолу талаптары туралы кеңес сұраңыз. «Әдебиеттерді іздеу есігін ертерек жауып тастамаңыз, алайда іздеуге берілген уақыт мөлшерін қадағалап отырыңыз, және сол уақыттан асып кетпеуге тырысыңыз».

3) Сіз зерттеуіңізді қайда шоғырландырасыз? Ауруханалар, мектептер, старт ап бизнестер, университеттер, колледждер, түрмелер, ересектерге білім беру орталықтары – тағы басқа жерде ме? Мекенді кілт сөздерге қосуға тырысыңыз және қандай нәтиже беретінін көріңіз.

4) Сіз бір сала аясына ғана қызығушылық танытасыз ба? Тіл, әдебиет, білім, психология? Қандай? Мысалы, тіл мен гендер, тіл мен психология, тіл мен әдістеме аралығындағы зерттеу тақырыптары

5) Сіз белгілі бір аймақта жүргізілетін зерттеуді ғана анықтауды қалайсыз ба? Қазақстан, Ресей, АҚШ не Солтүстік Қазақстан, Алматы? Мысалы, зерттеу Орталық Азия болуы мүмкін, не Туркия. Қайда?

Өз кілт сөздеріңізге бағдарлану, нақтылау және топтастыру/Focusing, refining and grouping your keywords

Зерттеудің алғашқы кезеңінде сіз саны өте көп сілтемелермен көп уақыт өткізе алмайсыз, сондықтан қатысы жоқ заттарды алып тастай бастаңыз. Кейде пайдалы нәтижелер таппасаңыз, сізге баламалы кілт сөздермен іздеуге тура келеді. Кілт сөздерді пайдалану арқылы керекті дереккөздерді табасыз. Дегенмен дереккөздер өте көп әсіресе онлайн ресурста. Сондықтан сіз іздеудің тиімді тәсілдерін білуіңіз қажет. Естеріңізде болар, ересек студенттерге қатысты мысал, кілт сөздер «ересек студенттер», «кедергілер» (үйренудегі), «жоғары білім». Енді бұл кілт сөздер сіз ойлағандай нәтиже бермесе, олардың

баламаларын мысалы, «кедергінің» орнына «бөгет», ересектің орнына «жасы келген», «жоғары білім» орнына «магистр» не «докторлық». Мысалы, менің іздеуімде көшбасшылық, лидер, менеджмент. Синонимдерін ойла. Ағылшын тілінде тезаурус бар: *Roget's Thesaurus of English Words and Phrases m.б.*. Кілт сөздерді тезаурстан (синонимдерін береді) қарауға кеңес береді.

Сіз жекелеген кілт сөздерді анықтап алдыңыз, алайда маңыздысы сіз мынаны ашқыңыз келеді: жоғары білімдегі (не университеттердегі не колледждердегі) ересек студенттер (не жасы келген студенттер) олардың үйренуіне (табыс) тосқауыл болатын қандай да бір кедергіге (не бөгетке hurdles) кездесе ме – осы кілт сөздерді топтастыру өте маңызды. Егер де сізді тек магистратурадағы инженерлік мамандықтағы студенттер бетпестелетін бөгеттер ғана қызықтырса, онда топтастырылған кілт сөздер мыналар болады: «студенттер + бөгеттер + магистратура + инженерлік» ‘students + hurdles + postgraduate + engineering’.

Мысал: қайта қарау!

Синонимдер болса, кілт сөздерді анықтап аласыз. Енді нақтылау керек топтастыру жасау үшін, синонимдер тек қазақ тіліндегі ме, әлде түркі тілдеріндегі ме, синонимдер жалпы тілдегі ме, әлде белгілі бір контекстегі ме, мысалы сөйлеуде не жазуда, белгілі бір көркем шығармада не нақты бір жазушының қолданысындағы. Синонимдердің семантикасы ма, әлде прагматикасы ма? Ендеше, топтастырылған кілт сөздер мыналар болуы мүмкін: синонимдер – жеке қолданыстағы (окационалды) – М.Әлімбаев синонимдері.

Зерттеу дағдысын ұштау

Жергілікті кітапхана қорын ғана пайдаланатын заман өтті. Интернеттің арқасында қазір әдебиет түрі жетіп артылады. Бірақ оның кері жағы да бар. Дерек мол болғандықтан, оны іздеу дағдысын да жетілдіру керек. Интернетті тұрақты пайдалансаңыз, демек, басымдыққа иесіз, сайтпен жұмыс істеу дағдысы әдебиет іздеуде де көмекке келеді. Кілт сөздерді жазып, іздеу жүйесін пайдалану керек. Сондықтан тақырыпты, тақырыпшаларды, айнымалылар мен теорияларды, теоретиктерді, әдістер мен негізгі түсініктерді т.б. кілт сөз ретінде ажырата білу керек. Содан соң еңбекті жеке сөзбен де, тіркеспен де іздей алу қажет. Мысалы, сіз пирсингке, соның ішінде жасөспірімдер пирсингіне қызықтыңыз делік. Алғашқы кілт сөздеріңіз мынадай болмақ:

- дене пирсингі (құлақ, мұрын пирсингі т.б.);
- жасөспірімдер (қыздар), (ұлдар), (жеткіншек), (бозбала, бойжеткен).

Осы кілт сөздерді кезек-кезек жазып, іздеуді бастайсыз. Сол кезде тақырыпқа қатысты өте көп әдебиет шығады, енді маңызды деген қосымша айнымалыларды қосып, сұрыптау керек. Мысалы:

- қарсылық;
- балалықтан жасөспірім кезеңге өту рәсімдері.

ПИРСИНГ ФУКО ЖАСӨСПІРІМДЕР КЕЗЕҢГЕ ӨТУ РӘСІМІ

Қосымша әдебиет Өзектілігі жоғары Өзектілігі орташа Өте өзекті

6.5-сызба.Әдебиеттің тоғыспалы салалары

Осы процесті қолданып, іздеу аясын шектеу үшін қосымша кілт сөздерді қоса аласыз (мысалы, отбасы туралы мәлімет) немесе танымал теоретикті (мысалы, Фуко) қосып жазасыз. Көбірек әдебиетті көру үшін кілт сөздерді алып тастаса болады немесе ойлаған дүниенің шыққанша кілт сөздердің орындарын ауыстырып көріңіз. 6.5-сызбада негізгі

тұжырымдарды және олардың өзара байланысына негізделіп жасалған әдебиеттердің өзектілігін көрсеттік. Тоғысудың кей салалары керек материалды ұсынбас, бірақ идея, концепция және айнымалыларды ойната білсеңіз, керек әдебиеттерді табасыз.